

Б.ЖҮСІПОВ

ЭПИКАЛЫҚ ЖЫРШЫЛЫҚ ДӘСТҮРДЕГІ РЕПЕРТУАР МӘСЕЛЕСІ*(Көшеней Рүстембеков шығармашылығы негізінде)*

Көшеней Рүстембеков қазақтағы жыр дәстүрінің көптеген сипатынан айрыла бастаған тұстағы жана тип орындаушы – эпикалық шығармалардан жеке-леген үзінділер айтқан сахна жыршысы.

Репертуар – әрбір жыршының, оның сыртындағы жалпы жыршылық үрдістің басты белгісі. Жыршының белгілі бір дәстүрді игеру деңгейі, музыкалық қабілеті, эпикалық жырларды жадқа алу қасиеті мен осы шығармаларды сақтау, өзгерту, қысқарту, қосып құбылту ерекшеліктерін анықтайтын, кәсіби жыршыға қойылатын сан тарау талап осы эпикалық репертуар ерекшелігінен барып туындайды. Эпостануда жыршы репертуарын сөз етпей тұрып ілгері қадам жасау мүмкін емес. Ендеше, мәселені маңыздысынан бастайық. Көшеней Рүстембеков қандай ән, терме орындады? Қазір олар қай қорларда сақтаулы? Әуелі аз-кем осы мәселеге тоқталып өтелік.

1. Әдебиет және өнер институтының «Қолжазба және текстология орталығында» бірінші жорналға тіркелген №135 таспада 1970 жылы, тамыз айының 16 жұлдызы күні К.Рүстембековтен және №66 таспада А.Сәрсенбаев пен К.Рүстембековтен жазылған деген шығармалар тізімі бар. Соңғы таспаның жазылу уақыты 1977 жылдың 23 ақпаны деп көрсетілуі шындыққа сай келмейтін жаңылыс дерек. 1977 жылы Көшеней дүние дидарында жоқ.

2. Қазақ телевидениесінің алтын қоры мен Мемлекеттік кино мұрағатында Ә.Нұғыманова жүргізетін алғашқы телехабардан бастап, түрлі ақындар айтысында, Ж.Жабаевтың жүз жылдық мерейтойында, 1969 жылғы «Халық ақындарының республикалық мәслихатында» түсірілген және режиссер Ж.Тұрсыновтың жеке мұрағатында сақтаулы келе жатқан әлгі бейнетаспалар әуелі жинастыруды, іріктеуді, сөйтіп Көшеней өмірінен танымдық фильм жасауды талап етеді.

3. Көшенейдің киноэкрандағы бейнесі «Құлагер» көркем фильмінде көрсетіледі. Бұл фильмде де Көшеней орындауында халық әні «Гүл-гүл» мен Ақан серінің «Әудем жер» әнінен болар-болмас үзінді беріледі. Екі әннің де толық орындалған нұсқалары Қазақфильм киностудиясы мұрағатында.

4. Көшеней орындаған біршама термелер Қазақ

радиосының алтын қорында. Мұнда да шығармалардың аты мен авторына қатысты жүйесіздіктен аяқ алып жүргісіз. Алтын қор тізіміне тіркелген он жеті шығарма мыналар: Т.Ізтілеуов: «Жігіттер, жақсылыққа көп талаптан», «Сіз-біз деп бір-бірінді силаспасаң...», «Күн шықса нұр қашады айдан-дағы...», «Өрен жүйрік», Шораяқтың Омары: «Шайхыға хат», «Талайдың қамқоршысы қайтқан мендей...», «Әділ іс», «Ұстаздарға», Кердері Әбубәкір: «Жақсыменен дос болсан», Жиенбай Дүзбембетұлы: «Бастау әні», Базар жырау: «Жамиғы қазақ бір туған», халық әні «Гүл-гүл» және Сәбит Дөнентаевтың «Ұмытылмас» атты жыр.

Алтын қордағы шығармалардың ұзын саны он жеті болғанымен, оның төртеуі қайталау. Демек, Көшеней орындауынан грампластинкаға жазып алынған шығармалар саны он төрт емес, он үш болғаны. Баспасөздегі әуелгі және соңғы жарияланымдарда сәл жаңсақтық бар (*ҚСЭ. 1976, 589-590 беттер; Қазақ әдебиеті. №32. 11.08.2006*).

Бұл жерде мына мәселеге назар аударған жөн: Көшенейдің екі қайтара жаздырған бір терме сазын әуелде «Рүстембектікі» деп әкесіне (*№15*), соңынан «Жиенбайдікі» (*16*) деп атасына кезек еншілеуі, Жиенбайдың «Бастау әні» мәтінін «Халықтікі» (*№17*) деп айдарлауы түсініксіз. Мұрағатта Көшеней атына телінген «Желдірме», «Ұмытылмас» сияқты екі түрлі халық махамы кездесті. «Көшенейлік» екінші махам «Ұмытылмасы» басқа мәтінмен Мұзарапұлы Сабыт Жүсіповтың да «менікі» деп орындаған нұсқасы сақталған (*ӘӨИ. №224 таспа, 1962 жыл, 5 қыркүйек*).

Жырланған жыр әуеніне «өзімдікі» деп айдартау эпос орындау дәстүрінің ішкі заңдылықтарына бағынатын үрдіс. Тек мұны кәзіргі композиторлық құқықпен шатастыруға болмайды. Сыр бойы махам-саздарының «авторлық» белгісін анықтау шытырман шаруа. Бүгінде жаппай жарық көре бастаған Сыр бойы махам-саздарының ноталық үлгілерін сын көздің сүзгісінен өткізіп отыру қажеттілік екенін білдіретін айғақтың бірі осы.

Мұрағаттағы он үш терменің сегізінің жазылған жылы жаңсақ. Ендеше бұл термелердің басқа бір мұрағаттан көшірілген жылды ишаралайтын

дәйек. Өйткені, Алтын қорда жазылған мерзімі деп көрсетілген 1975 жылы Көшенейдің дүние салып кеткенін айттық. Уақытында грампластинкаға түсірілетін терме-жырлар Қазақфильм студиясында жазылған. Ендеше, алғашқы түпнұсқалардың да сол жерде болуы бек мүмкін...

5. Ұлттық кітапхананың «Өнер бөлімінде» сақтаулы Көшенейдің дауысы жазылған үш күй-табақ та негізінен Қазақ радиосының алтын қорындағы термелер тізімімен бір ізді басатыны белгілі болды. «Қазақтың халық әндерінің антологиясына» енген үш шығарма – «Бастау әні», «Толғау», «Асқақтау» бұлар да аталмыш тізімнен табылды (*Мелодия. 1991г. 10-сторона. Д-031257-58*).

6. Биыл Қызылорда облыстық телевидение-сінің алтын қорынан Көшенейдің орындауында 1973 жылы таспаға түсірілген тағы да он алты шығарма табылды (Омар: «Сөйле, тілім, жосылып», «Әділіс», «Күмісбайға», «Ұстаздарым», «Шайқыға», Тұрмағамбет: «Шырын тіл, шырайлы жүз болсаң балдай», «Сіз-біз деп бір бірінді силаспасаң», «Жігіттер, жақсылыққа көп талаптан», Базар: «Атамыз Өнес сахаба», халық әндері «Гүл-гүл», «Ақ сұңқар», «Ай, күнім», «Желкілдек», «Ақжамал» және Қасым Аманжоловтың «Жас дәурен» атты әні мен авторы анықталмаған халық термесі – Б.Ж.). Тағы да, аталмыш шығармалардың бесеуі жыршының бұрынғы айтқандарының қайталауы, тыннан қосып айтқаны 11 ән-терме екені анықталды. Мұндағы көңіл қоярлық жаңалықты жайт: Көшенейдің Батыс Қазақстан өңіріндегі әншілік дәстүр репертуарынан әндер орындауға талпыныс жасауы. Әрине, орындалу техникасы, домбыра қағысы, артикуляциясы мен айтылу позициясы бір-біріне қайшы екі түрлі дәстүрдегі бұл әндердің Көшеней орындауындағы кәсіби деңгейі жоғары дей алмас едік. Мұны жыршының өзін қалыптастыру жолдағы ізденіс-эксперимент деп түсінгеніміз дұрысырақ. Көшеней бұрын сан мәрте орындаған «Гүл-гүл» сияқты халық әнінің соңғы куплет мәтінін Т.Ізтілеуовтың «Назым» жырының сөзімен айтқан. Кейбір термелердің сөзін де басынан бастамай, ортасынан бөліп орындапты. Біздіңше бұл айғақтар байырғы эпикалық жыршылық үрдістен еншісін бөлмей келе жатқан әр жыршының сол сәттік көңіл-күйіне, тыңдаушының ықылас-пейіліне орай айтып отырған шығармасын өзгертіп, қосып немесе қалауынша қысқартып тастап отыратын шығармашылық еркіндік аясындағы импровизация дәстүрінің жемісі

деуге лайық.

Енді Көшеней орындаған эпикалық жырлардың санына, олардың жазылып алу жайына тоқталайық. Академик М.Қаратаев (*М. Қаратаев. Вершины впереди. Алматы: 1972*) «Қазақ совет энциклопедиясының» 9-томына өзі бас редактор кезінде енгізген шағын материалында: «Рүстембеков («Көрұғлы», «Рүстем-дастан», «Қобыланды», «Қыз Жібек» сияқты қисса, дастандарды жаттап айтып, ел арасына таратты» (*ҚСЭ, Алматы: 1976, 589-590 беттер*), – дейді.

Кезінде Қазақ ССР Ғылым академиясы, М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты жыршылар репертуарын мүмкін болғанынша мұрағат қорына толық қаттауға тырысты. Мысалы, Кете Жүсіптің баласы Мұзарап жыраудан «Көрұғлы» жырының бір нұсқасы (*ӘӨИ. Бірінші журнал, 264-272 ұнтаспалар*) он екі ұнтаспаға түсірілсе, осы жырдың келесі орындаушысы Рахмет Мәзқожаевтан оннан аса ұнтаспаға жазылып алынған (*ӘӨИ. Бірінші журнал, №158-159, 171-180 ұнтаспалар*). Рахмет пен Көшеней жыршылардың репертуарларының жазылу мерзімінің арасы 1970 жылдың 16-17 тамызы, яғни бір күн бола тұра, «Көрұғлы» эпосын айтушы бұл эпик жыршылар тобынан Көшенейдің есімі кездеспейді.

Өкінішке орай, Көшеней энциклопедияда көрсетілген «Көрұғлы», «Қыз Жібек», «Рүстем-Дастан», «Қобыланды» сияқты салалы жырлардан шағын үзінділер мен жекелеген эпизодтар ғана жаттап айтқан сияқты. Ойымызша оған мына жайттер себеп болуы мүмкін. Біріншіден, бұл жылдары Көшеней жиырмадан жаңа асқан бозбала жаста. Оның аталмыш жырларды толық жаттап үлгермеуі де сондықтан. Екіншіден, бұл жалғыз Сыр бойы ғана емес, жалпы қазақтағы жыршылық үрдістің жаппай жойылуының аз-ақ алдында тұрған кез еді. Бұл тарапта: «Оның орындауында «Көрұғлы», «Қобыланды» батырлық эпосынан жекелеген үзінділер мен эпизодтар бар» (*Қазақ музыкасы антологиясы. Алматы: - 2005, «Қазақпарат», 2-том, 463-бет*) деген қазақ музыкатанушы мамандарының пайымы шындыққа бір табан жақын.

Б.Ерзакович «Қобыланды батыр» жырының Көшенейдің орындауында нотаға түсірілген төрт түрлі махамның өзіндік ерекшелігіне тоқтап, музыкалық талдау жасады (*Кобланды батыр. Главная редакция Восточной литературы. Москва: - 1975*). Бұл да Көшеней аталмыш эпосты толық орындады

деген дерек емес. «Қазақтың қаһармандық эпосы «Қобыланды батыр» О.Нұрмағамбетованың докторлық диссертациясының тақырыбы болғандықтан, Көшеней ұстаз кеңесімен жырдан жекелеген үзінділер ғана айтқан. Өзінің көзі тірісінде жарық көрген (О.Нұрмағамбетова. *Қа-зақтың қаһармандық эпосы Қобыланды батыр*. Алматы: - 2003, 244-262) монографияның қазақша толық нұсқасының «Қосымша деректер» деген тараушасында О.Нұрмағамбетова эпосты айтушы Қуанышбай, Тәжік, Қарлыбай, Әбілда, Рахмет, Қали сияқты жиырма бес қазақ-қарақалпақ жырауларының шығармашылығына анықтама береді. Біз Көшеней есімін бұл тізімнен де ұшырата алмадық.

Көшенейге «Қобыланды» жырынан үзінді жаттау – кезінде мәскеулік ғалымдарға қазақтағы эпикалық жыршылық үрдістің халық арасында әлде де болса «өмір сүріп жатқандығын» дәлелдеу үшін ғана керек болса, «Қыз Жібек» жырынан үзінді жырлау 1970 жылы аталмыш фильмнің түсіріліміне қатысу үшін еді (*Жинақта: Мардан*. Алматы: - 2006, 232-бет). «Рүстем-Дастан» эпос-тарына байланысты да белгілі бір байлам айту қиын. Бұл жыр тізімінің Рүстембеков репертуары ретінде әуелде энциклопедияға қандай негізбен енгізілгені біз үшін белгісіз.

Академик Р.Бердібай: «Көшенейдің айтуынан «Көрұғлы», «Қыз Жібек», «Қобыланды», «Алпамыс» секілді ұлы дастандарды жазып алуға мүмкін болмай қалды», – деп жазыпты (*Р.Бердібай. Сарқылмас қазына*. Алматы: 1983). Дерек кемшін жерде ақиқат жалғыз Аллаға ғана аян. Алдын ала асығыстық жасап белгілі бір байлам айтпай-ақ қоялық. Ендеше, шиеленісін шешіп, белгісін бекіту мәселесі жыршы өнербаянының болашақ зерттеушілері талқысына тапсырылатын тарқалмаған түйіннің бірі осы!

Аталмыш үлкен тізімнен «Көрұғлы» жыры ғана Көшеней үлгісінде үзінді күйінде болса да магнитофон таспасына жазып алынған жалғыз шығарма. Жыр үзіндісін біз Оңғарбай Кантаев есімді интузиаст-жинаушының жеке мұрағатынан 1988 жылы тыңдаған едік. Әзірге Көшенейдің эпикалық репертуарын айғақтайтын қолда бар нақты дерек осы ғана. Бірақ, Көшенейдің «Көрұғлы» жырын ауызша үйренгендігі немесе кітаптан жаттағандығы туралы мәлімет кем. Білетіндер әкесі Рүстембек жыраудың ұнтаспаға жазып қалдырған нұсқасы бойынша жаттағанын айтады. Олай болуы әбден мүмкін. Жырдың көпке белгілі Рахмет нұсқасы 1975 жылы,

Көшеней дүние салғаннан кейін екі жылдан соң жарық көрді (Көрұғлы. Алматы: 1975).

Эпикалық жыршылық үрдісте жырды ауызша үйрену немесе кітәби нұсқа бойынша жаттау мәселесі үлкен мәнге ие. Соңғысы, эпикалық жыршылық өнердің ауызша таралу сипатынан айрылып, семіп бара жатқан жайын білдіретін айғақ. Сондықтан, Көшеней репертуарын нақтылап, вариант-нұсқаларын салыстырып, таспаға таңбаланып қалғандарын жүйелеу ғылымилық үшін керек.

1. Көшеней Сыр бойындағы өзінен кейінгі жыршылық буын өкілдерінің репертуарына түбе-гейлі өзгеріс әкелген орындаушы. Олай дейтіміз Көшеней орындаған махамсаздар мен термелер ерекше танымалдылыққа ие болып, кейін жаппай сахналық репертуарға айналды.

2. Жетпісінші жылдардан бастап жыршылар жыр махамдарын Көшеней машығы негізінде орындап, оны көзсіз көшірмелей бастады. Бұл тарапта, К.Рүстембековтың терме айту шеберлігі мен есімінің аса танымалдылығы (популярность) өз кезегінде Сыр бойы жыршылық үрдісінде бірнеше кедергіге де себеп болды.

3. Көшенейдің алды-артындағы жыршылардың өзіндік махамсаз ерекшелігі, дара үлгідегі мектебі болғаны белгілі. Бүгінде солардың көбінің есімі де, өзіндік махамсаз өрнектері де Көшеней интерпретациясындағы төл қолтаңба ықпалымен жұтылып, көмескіленіп кеткені анықталып отыр. Қазір Сыр бойында Мұзарап, Үбісұлтан, Күндебай, Мырзағали, Балғашбай, Мұхамедияр, Зайыр, Сүйінбай, Әбілда, Берман, Шамшат, т.б. жыршылардың мектебінің негізінде махамсаз жырлайтын жастар жағы жоқтың қасы.

4. Жетпісінші жылдардан бастап Сыр бойы жыршылары үшін Көшеней Рүстембеков рухани дінгек, культтік тұлғаға айналды. Осы тұста Сыр өңірі эпикалық жыршылық үрдісінің репертуарлық ерекшелігінде де елеулі өзгерістер басталды. Әрине, оның бірнеше басты себебі болды.

1. Далалық қалыптан қалалық мәдениетке ауысқан тыңдаушы ортаның күрт әлсіреуі мен ғасырлар бойы ауызша дамыған дәстүрдің жазба поэзияға ұласуы;

2. Түрлі техникалық құралдардың пайда болып, жыршылар дауысын жаппай бейне-дыбыс таспаларына жазу салдарынан бұрын ас пен тойда ғана сауын айтып шақыртып жырлататын қардарлары енді күнде үйінен табылып отырған халықтың жыршыға

деген ерекше құрметін әлсіретуі;

3. Көшеней мектебін үлгі тұтынғандардың ескіден келе жатқан салалы жырларды ысырып тастап, қысқа терме, толғау, мысал, хикаят жанрындағы шығармаларды жырлай бастауы;

4. Кейінгі тыңдаушы қауым мен әртүрлі дәрежедегі орындаушылар ұзақ толғайтын сүбелі сөз бен аптаға айтылатын салалы жырларды таңға тыңдау мәдениетінен біртіндеп ығыстыруы.

Өңгіме ауаны жаппай жүріп өткен ағым туралы болғандықтан, бұл пайым бірен-сараң туымды эпик жыршыларға қатысты емес. Жыршылықтағы мұндай сапалық өзгеріске өз кезегінде Көшеней сомдаған сахнаға лайықталған тақ-тұқ, қысқа қайырым махам-саздардың да себеп болғаны рас. Ақырында, жетпісінші жылдардан бастап Сыр өңірінде ежелден қалыптасқан эпикалық ауқым өрісінен тұсалып, жиырма бірінші ғасырда биік белге шыққан сахналық жыршылық мәдениет белен ала бастаған еді.

Сөзімізді түйіндей келе айтарымыз: Көшеней Рүстембеков ескі эпикалық үрдістен қол үзбей-ақ сахналық жыршылық канондарын қалыптастырған ескінің қастерлісі мен жананың сыршыл дүниесінің арасындағы дәнекер тұлға!